

Жалағаш ауданы елді мекендердің аумақтарын көріктендіру және жасыл желектерді күтіп ұстau мен қорғау Нұсқаулығын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2010 жылғы 03 наурыздағы N 27-3 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жалағаш ауданының Әділет басқармасында 2010 жылды 01 сәуірде N 10-6-143 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011 жылғы 20 маусымдағы N 43-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2011.06.20 N 43-4 шешімімен.

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жалағаш ауданы елді мекендердің аумақтарын көріктендендіру және жасыл желектерін күтіп ұстau мен қорғау Нұсқаулығы **бекітілсін.**

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>XXVII-сессиясының төрағасы</i> <i>Аудандық мәслихат хатшысы</i> 2010 жылғы 3 наурыздағы шешімімен бекітілген	<i>Аудандық мәслихаттың</i> <i>А. ТАУПБАЕВ</i> <i>К. СҮЛЕЙМЕНОВ</i> N 27-3 Жалағаш аудандық мәслихатының
--	--

Жалағаш ауданы елді мекендердің аумақтарын көріктендіру және жасыл желектерін күтіп ұстau мен қорғау Нұсқаулығы

1. Жалпы ережелер

1. Жалағаш ауданы елді мекендерінің аумағын көріктендіру және жасыл желектерін күтіп ұстau мен қорғау Нұсқаулығы (бұдан әрі - Нұсқаулық) "

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес өзірленді.

2. Осы Нұсқаулық Жалағаш ауданы елді мекендерін көріктендіру және жасыл желектерін күтіп ұстау мен қорғау саласындағы жеке және занды тұлғалардың қарым-қатынасын реттейді.

3. Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) көріктендіру – адамның өмір тіршілігіне ыңғайлы, жайлы және қауіпсіз ортаны қамтамасыз ететін элементтер мен жұмыстар кешені;

2) бекітілген аумақ – санитарлық ұстау және көріктендіруді ұйымдастыру жұмыстары кезінде бекітілген аумақ субъектілерінің келісімі бойынша тазарту және күтіп ұстау жұмыстарын жүргізу үшін бекітіліп берілген участке;

3) жерді пайдалануши – мақсаты мен меншік түріне қарамастан аудан, елді мекен шегіндегі жер участкелерін пайдалануши занды немесе жеке тұлғалар;

4) шағын сәулеттік пішіндер - әсемдік үшін және іске жарамды сипаттағы нысандарап;

5) өтпе жолдар (жүргін бөлік, өтетін жол) – тұргын үйлер мен қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға және шағын мөлтек аудандар, орамдар ішіндегі қалалық құрылыш нысандарына көліктердің кіруін қамтамасыз етуши жол элеменнттері;

6) коммуналдық қалдықтар – елді мекендерде, оның ішінде адамның тіршілік әрекеті нәтижесінде пайда болған тұтыну қалдықтары, сондай-ақ құрамы және жиналу сипаты жағынан осыларға ұқсас өндіріс қалдықтары;

7) қатты қалдықтар - үй қоқыстары, ұйымдардан, мекемелерден шығатын қалдықтар, өнеркәсіптік кәсіпорындардың қазандықтарынан шығатын қалдықтар, құралыс қоқыстары;

8) уәкілетті орган - аумақта көріктендіру жұмыстарын жүргізуге (ұйымдастыруға) Жалағаш ауданының әкімдігі уәкілеттік берген атқарушы орган.

2. Елді мекендерді таза ұстау

4. Жалпы пайдаланудағы орындардың тазалануы мен ұсталуы келесі жұмыстарды қамтиды:

1) коммуналдық және қатты қалдықтарды шыгару;

2) жазғы маусымда сыпыру, су шашу;

3) жасыл желектерді қорғау және сақтау;

4) қамыс пен басқа да жабайы өсімдіктерді шабу және шығару;

5) қоршаулар мен шағын сәулетті пішіндерді жөндеу мен сырлау;

6) көлік жолдарын тазалау.

3. Көлік жолдарын тазалау

5. Көшелердің көлік жолдарын, алаңдарды, аудандық және ауылдық жол желілерін, көлік тоқтатын орындарды тазалауды уәкілетті органмен шарт жасасқан тұлғалар жүргізеді.

Жолдардың жиектері ірі көлемді және басқа да қоқыстардан тазартылуы
қ а ж е т .

6. Жұмыстарды жүргізу кезінде қоқыстарды көшелердің жүргін бөлігіне және көлік жолдарына шығаруға болмайды.

4. Кысқы маусымда аудан аумақтарын тазалаудың ерекшеліктері

7. Саябақтардағы, бақтардағы, скверлердегі, бульварлардағы жолдарды және басқа да жасыл аймақтарды тазалау кезінде, осы мақсаттарға дайындалған алаңшаларға, жасыл желектердің сақталуын қамтамасыз еткен жағдайда қарларды үюге рұқсат беріледі.

8. Қар үйінділерін жинауға болмайтын жерлер: бір деңгейде барлық жолдар мен көшелердің және кіру жолдарының қызылстырында және теміржолға жақын жолдарда; тротуарлар мен көгалдарға.

9. Үйлердің аулаларынан және жолдардан тазартылған қар автокөліктер мен жаяулар қозғалысына кедергі жасамайтын орындарға жиналу қажет.

5. Тазалықты қамтамасыз ету

10. Елді мекен аумағында коммуналдық, қатты қалдықтарды тастауға және өртеуге жол берілмейді.

11. Жалпы пайдаланатын жерлерде су алатын колонкалардың жанында мал сұаруға, автокөліктерді жүүға және тазалауға болмайды.

12. Автокөлікпен топырақты, қоқысты, шашылатын құрылым материалдарын, жеңіл ыдыстарды, жапырақтарды, кесілген ағаштарды тасыған кезде жолдарды ластауға жол бермейтін брезентпен немесе басқа да материалдармен жабылуы қажет.

13. Көшөлөр мен саябақтарда, стадион, денсаулық сақтау, білім беру мекемелері жанындағы участелер мен басқа да қоғамдық орындарда малды бағуға немесе жаюға болмайды.

14. Арнайы белгіленген жерлерден басқа орындарға хабарландырулар, баспа, үгіт материалдарын, көрнекі ақпараттық материалдарды орналастыруға болмайды. Осы өнімдердің басқа да жерлерге ілінуі тиісті объектінің меншік иесінің келісімімен жүргізіледі.

15. Шаруашылық жүргізу құқығындағы немесе жедел басқаруындағы ғимараттары және орын-жайлары бар жеке және занды тұлғалар, ғимараттарды, құрылыштарды және құрылғыларды, басқа жер участеклеріндегі жылжымайтын нысандарды қала құрылсы мен жобалау құжаттарына, қала құрылсы нормативтері мен ережелері, экологиялық, санитарлық, өртке қарсы және басқа арнайы нормаларға сәйкес, қалыпты жағдайда ұстасу, сондай-ақ қарамағындағы ғимараттар мен құрылғылардың қасбеттерін жөндеу мен жаңғырту жұмыстарын өз есебінен жүргізуі керек.

6. Қалдықтарды жинау, уақытша сақтау және шығару

16. Елді мекендер аумағында, тұрғын үйлер мен ғимараттар, мекеме, кәсіпорындарда, сауда-саттық нысандарында тұрмыстық қалдықтарды жинау үшін арнайы орындар болуы керек.

17. Вокзалдарда, базарларда, сауда үйлерінде, тамактандыру орындарында, саябақтарда, демалыс орындарында, алаңдарда, білім беру, денсаулық сақтау мекемелерінде және басқа да көпшілік пайдаланатын орындарда, көшелерде, жолаушылар тасымалдау көліктегі аялдамаларында, сауда нысандарының кіре берістерінде қоқыс жәшіктері орнатылуы қажет.

18. Қоқыс жәшіктерін орнату мен оларды тазалау тиісті шарт жасасқан тұлғалармен немесе иелігінде (қолданысында) қоқыс жәшіктері бар субъектілермен жүргізіледі.

7. Жасыл желектерді қорғау және сақтау

19. Жасыл желектердің ағымдық ұсталуы мен сақталуы аумақтары бекітілген жер пайдаланушылар, жеке және занды тұлғаларға жүктеледі:

1) тұрғын үйлерден жүретін жолға дейін пәтер иелеріне, тұрғын үй қорының и е л е р і н е ;

2) жалпы пайдаланудағы объектілерде (бақтар, саябақтар, аллеялар және т.б.) және көшелерді аудан бюджеті есебінен келісім негізінде жұмыстарды атқарушы к ә с і п о р ы н д а р ғ а ;

3) өндірістік кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер және әр түрлі меншіктегі басқа объектілердің аумағында, сонымен қатар соған жататын аумақтарда кәсіпорын басшылары мен осы объектілердің иелеріне;

4) құрылышқа бекітілген аумақта жұмыс басталған уақыттан бастап тапсырыс беруші немесе оның сенім хаты бойынша құрылыш мекемесінің бас мердігері.

20. Жер асты коммуникациялар және инженерлік желілерге құрылыш жұмыстары жүргізілген кезде, жолында тұрған жасыл желектерді кесуге рұқсаты болған кезінде ғана жүргізіледі.

21. Жасыл желектерді қорғау және сақтау барысында жеке және заңды тұлғалар мыналарды жасау қажет:

- 1) жасыл желектерді закым келтіруден сақтау;
- 2) жасыл желектерді ұстау, соның ішінде: көң-қоқыстан тазалау, түскен жапырақтарды жинау, бұтақтарды кесу, көгалдарды қырқу, арам-шөптерді жұлу; ағаштардың діңдерін әктеу;

жасыл желектерді, көгалдар мен гүлзарларды суару; қурап, сынып қалған ағаштарды, бұтақтарды кесу.

8. Нұсқаулықты бұзғаны үшін жеке және заңды тұлғалардың жауапкершілігі

22. Осы Нұсқаулықты бұзғаны үшін жеке және заңды тұлғалар "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 300, 387 баптарына сәйкес жауапкершілікте болады.